

**Кімге: Қазақстан Республикасының Парламент сенатының
төрағасы М.Әшімбаевқа**

**Кімнен: Жалағаш ауданы әкімі аппаратының қаржы-шаруашылық
бөлімінің басшысы У.Сағалдан**

Орындау күні 24.10.2024

Аналитикалық жазба

Зерттеу тақырыбы: Букмекерлік кеңселер және Лудамания

КІЛТ СӨЗ: Букмекерлік кеңселер болашағымызды бүлдіреді.

Кіріспе:

Мамандардың айтуынша, адамдардың құмар ойындарға әуес болуы психологиялық аурудың бір түрі. «Лудомания» латын-грек тілінен аударғанда «мен ойнағанды құмартамын» деп аударылады. Яғни бұл адам бойындағы құмар ойындарға деген патологиялық бейімділік. Оның өмірінде құмар ойындар әлеуметтік, кәсіби, материалдық және отбасылық құндылықтардан жоғары тұрады. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы бұл ауытқуға «құмар ойындарға патологиялық еліту» деген анықтама берді.

Соңғы жылдары елімізде құмар ойынға шалдығып, қолдағы барын бәске тігіп, қиын жағдайға душар болып жатқандар қатарының артуы елді алаңдатып отыр. Тіпті кейбір жандар қалтасындағы соңғы тиынын санап, букмекерлік кеңсеге түнейтін жағдайға жеткені де рас. Бүгінде еліміздің қай қаласына барсаңыз да алдыңыздан букмекерлік кеңселер самсап шыға келеді. Әрине, бизнестің бұл түрі мен қызметінің заңдық-құқықтық негізі бар. Тіпті аталған құрылым иелерінің мүдделерін қорғайтын арнайы қауымдастық та құрылған екен. Букмекерлік кеңселердің әлеуметке тигізетін пайдасы қандай? Қорғасындай салмақты сауалға біржақты жауап қайтару оңай емес секілді. Рас, республикамызда шағын және орта бизнесті қолдауға қатысты нақты шаралар белгіленген. Мұндағы мақсат айқын. Яғни осы арқылы жаңа жұмыс орындарын ашып, мемлекеттің салықтық әлеуетін көтеру көзделген. Букмекерлік кеңселер осындай асқақ, әлеуметтік міндетті атқара ала ма? Мүмкін, арнайы лицензиясы алынған әрі тіркелген бизнес орындары мемлекет қоржынына кіріс, табыс түсіруі тұрғысынан келгенде қажет те шығар. Әйтсе де медальдың екі жағы бар дегендей, мәселені екінші бір қырынан қарастырғанда құмар ойындардың бірі саналатын әрі бәс тігіп ойнауға жағдай жасайтын букмекерлік кеңселер қызметінің әлеуметтік-тұрмыстық тұрғыдан тигізетін теріс әсері де аз емес. Елімізде бұл індеттің осындай ауқымға жетіп отырғаны ел-

жұртты қынжылтады. Мемлекет басшысы Қауіпсіздік кеңесінің отырысында халық арасындағы құмар ойынға тәуелділік мәселелерін көтерді. Осы тұрғыда Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев: "Соңғы жылдары Қазақстанда ойынға тәуелділік жағдайы кең ауқымға ие бола бастады. Кейбір отбасылар үшін бұл үлкен трагедияға айналды. Лудоманиямен күресте тәрбие және түсіндіру шараларына ерекше назар аудару керек" деп, құқық қорғау органдарының назарын құмар ойындармен байланысты қылмыстарға аударып, ерекше ойын тәуекелі аймағында қалған жастармен жұмыс істеуге көп көңіл бөлуді тапсырған болатын. Әрине, кіріс пен пайда, салық түсімдері қай кезде де қажет. Алай да, Ақтөбе қаласындағы қоғамдық кеңестің өкілдері салықшылардың есептерін сараптай отырып, осы тектес мекемелерде қалыптасқан ахуалға тиісті талдау жүргізген. Сол кезде бұлардың көпшілігі белгіленген заң талаптарын белден басып, тіркелмей әрі рұқсат алмай-ақ өз бизнестерін жүргізіп келгені анықталды. Мұндай жағдайда бюджетке кіріс келтіру туралы әңгіме қозғаудың өзі артық секілді. Мұндай әлеуметтік мәні бар мәселеге қозғау салған «АқтөбеМұнайГаз» АҚ жанындағы Nur Otan партиясы бастауыш ұйымының төрағасы, қоғамдық кеңестің мүшесі, Nur Otan партиясы Ақтөбе облыстық филиалы партиялық бақылау комиссиясы төрағасының орынбасары Абай Сақтағанов болып отыр. Оның букмекерлік кеңселер төңірегінде қалыптасқан түйткілдерге зер салып жүргеніне үш жылға жуықтапты. Ол содан бері көп жайды көңіліне түйіпті. Қоғамда кереғар көзқарас туғызып жүрген мәселеге қатысты бірқатар деректерді мұқият жинақтапты. Егер оны оқырмандар назарына ұсынсақ, нақты картина төмендегідей болып шығады.


Негізгі бөлім:

Ақтөбе қаласы бойынша кірістер басқармасынан алған дерекке сүйенсек, 2018 жылы Ақтөбе қаласы аумағында 41 букмекерлік кеңсе ресми түрде тіркелген. Ал басқарушы компанияларда жинақталған мәлімет бұдан өзгеше. Онда қалада 68 ойын бизнесі жұмыс істеп тұрғаны көрсетілген. Сонда бұлардың 28-і заңсыз табыс тапқан болып шықпай ма?

Сондай-ақ партия белсендісінің айтуынша, 2019 жылдың алғашқы айларында ресми түрде тіркелген букмекерлік кеңселер 6-ға азайған. Бұл тәуір дерек секілді көрінгенімен, басқарушы компаниялар қалада заңсыз тіркелген 78 бәс тігу орны бар екенін алға тартыпты. Бұл 41 букмекерлік кеңсе және ойын терминалдары тасада қалып жүргенін көрсетпей ме? Қандай дерекке де дәлдік әрі шындық керек. Сондықтан да қазір Ақтөбеде қоғамдық кеңес мүшелері салыстырмалы талдау жүргізу үшін уәкілетті органдардан алынған деректердің аныққанығына көз жеткізу мақсатын қойуымыз керек. Бұл ретте олардың

тарапынан қаладағы букмекерлік кеңселердің нақты саны мен қызметін анықтауға қатысты Ішкі істер басқармасына бірнеше рет сұраныс-хаттар жолданған. Алайда бүгінгі күнге дейін жергілікті құзырлы органдардан ешқандай жауап болмаған.

Елімізде қабылданған заңнамаларға сәйкес ресми түрде тіркелген бұл букмекерлік кеңселерге қандай талаптар қойылған? Осы заң талаптары сақталып жүр ме? «Ойын бизнесі туралы» заңның 11-бабына сәйкес ойын мекемелері, соның ішінде букмекерлік кеңселер тұрғын үй аумақтары мен білім беру орындарынан қашықта орналасуы тиіс. Әйтсе де Ақтөбе қаласында заңның осы бабы сақталып отыр деп айтуға ауыз бармайды. Көп жағдайда мұндай бизнес орындарының біршамасы тұрғын үйлердің төменгі жертөле бөлігінде орналасқан.



Солай бола тұра мұндай нысандарға «әй дейтін әже, қой дейтін қожа» табылмай келеді. Ашығын айтқанда олардың тиісті заң шеңберінде жауапқа тартылу тұтқалары бар. Айталық, Әкімшілік-құқық бұзушылық туралы кодекстің бірінші бөлігі 445-бабына сәйкес белгіленген заң талаптарын бұрмалағандарға әкімшілік хаттама толтырылып, айыппұл салу тәртіптері белгіленген. Алайда заңның осы тармағы орындалмай келеді.

Сондай-ақ, тағы айта кететін жәйт, ойдан ой туады. Айталық, бұған дейін еліміздің барлық өңіріндегі казинолар Қапшағай мен Шучье қаласына көшірілгені мәлім. Ақтөбедегі зиялы қауым өкілдерінің

мәлімдеуінше, салыстырмалы түрде казино ойындары орта жастағы адамның даму үрдісіне айтарлықтай теріс әсерін тигізе алмайды. Өйткені оған келетіндердің дені жігіт ағасы жасының о жақ, бұ жағындағы, табысы жеткілікті адамдар.



Халықаралық тәжірбие:

Бүгінде Оңтүстік және Солтүстік Корея, Қытай, Түркия мен Израиль, Сауд Арабиясы мемлекеттерінде бәс тігуге мүлдем тыйым салынған. Егер заңға бағынбайтын болсаңыз, айыппұл төлеуге міндеттелесіз. Ал бізде ше? Бізде заң талаптарына сәйкес 21 жасқа толмаған адам букмекерлік кеңселерге кіре алмайды.

– Ойынға құмарлық адам өз-өзін басқара алмаудан, өз әрекетіне жауап бере алмаудан туындайды. Бұл – өте кең таралған тәуелділік. Адамның өмірге деген қызығушылығы азайып, бақылауды жоғалтып, типті эмоционал реакциялар көрсетеді. Ол науқастың әлеуметтік бейімделуіне, кәсіби жұмысына, жеке өміріне және қаржы жағдайына ауыр әсер етеді. Бұл ауруды емдеу тәсіліне психотерапия, дәрілік терапия, қолдау топтарына қатысу жатады. Мұндай тәуелділікке шалдығу себептеріне өзін-өзі бағалай алмау, жұмысқа, жетістіктеріне қанағаттанбау, материалдық жағдайға шамадан тыс назар аудару, жалғыздық сезімі, достары, туыстары тарапынан түсінбеушілік, отбасындағы шиеленіс сынды факторлар әсер етеді. Тарихқа зер салсақ, құмар ойындардың тарихы ежелден бастау алады. Сонау 1700-1709 жылдары құмар ойын арқасында британ колонияларын тамақтандырған. Қытайда аталған ойындардан түскен қаражатқа бүкіл бір армия қаржыландырылатын болған. Немістерде жеңіліс тапқан ойыншы өз азаттығынан да айырылып, ортаға тігер еш нәрсесі қалмағанда, құл болып кетуге де барған деседі. Оның кең етек жайғандығы соншалық, құмар ойындар турасында әдебиет пен өнер де құр алақан емес. XVI ғасырдағы Виллем Дейстер, Жорж де Латур, Караваджолардың құмарлықтың тағдырға әсері хақындағы танымал картиналары да дүниеге келген.

Ойын автоматы ең алғаш 1887 жылы Англияда ойлап табылған. Өз жұмысын ойыншы қаржысын аппаратқа салғаннан кейін ғана бастайды. Адамды қызықтыратын ең тартымды тұсы өмірінде жеңіп ала алмайтын, бос сандырақ «джекпот» екен. Викторина, лотерея және ұтыс ойындарын – құмар ойын деп ойламауымыз да мүмкін. Десек те, күнделікті жеңіл жолмен ұтысқа кенелу әркімнің қалайтын дүниесі. Жоғарыда айтылған құмар ойындардың әрбір түрінің айтарлықтай қаупі бар. Мемлекетімізде адам бойында пайда болатын бұл дертке байланысты заң да қалыптасқан.

Күтілетін нәтиже:

Букмекерлік кеңсеге кез келген жастағы балалар мен жасөспірімдер, тіпті бастауыш мектептердегі оқушылар бас сұға алады. Мұның қауіптілігі де осында. Олардың қалтасында айтарлықтай мол ақша болмайтыны түсінікті. Азын-аулақ теңгесі мен табысын бәс тігуге жұмсап, одан ұтылған жастың көңіл күйі өзгеріп, әртүрлі психологиялық дертке ұшырауы да мүмкін. Ең қауіптісі, мұндай шеңберге кіретін жастар қатарының аса ауқымдылығы әрі букмекерлік кеңсе қызметі мен әртүрлі ойын терминалдарының кез келген жастағы қоғам мүшелеріне қолжетімді екендігі. Ендеше мұндай дерттің алдын алу қажеттігі де айқын көрінеді. Біз бұған қандай жолмен қол жеткізе аламыз?


Бұл үшін ең алдымен аталған бизнес құрылымдарына лицензия беру тәртібі мен талаптарын күшейту қажет. Сондай-ақ ойын терминалдары мен клубтарының жұмыс күнін шектеу қажеттілігі де айқын көрінеді. Осы орайда букмекерлік кеңселердің тәулік бойы, яғни 24 сағат есіктері ашық тұратынын айта кеткен жөн. Сонымен бірге лицензиясы жоқ заңсыз, жасырын жұмыс істейтін ойын мекемелері анықталған жағдайда олардың қызметтерін тоқтату ісі де қоғам мүшелерінің ортақ парызына айналғаны жөн секілді.

Сөз соңында қоғамның жас мүшелеріне тигізетін пайдасынан гөрі теріс ықпалы басымырақ букмекерлік кеңселердің қызметі республикалық телеарналардан жиі жарияланып жүргеніне қатысты да екі-үш ауыз ой-пікірімізді ортаға тастағымыз келеді. Мәселенің мәнісі мынада. Тәубе, елімізде футбол ойындарын теледидардан тамашалайтын спорттың осы түрінің жанашырлары мен жанкүйерлері жеткілікті. Осы матчтар көрсетілген кезде, яғни ойынның арасындағы үзілістерде «Олимп» және «Париматч» букмекерлік кеңселерінің жарнамалары жарқ етіп шыға келетінін қолдай алар ма екенбіз?!

Орыс халқында «кто платит, тот заказывает музыку» деген сөз бар. Сол секілді сол күнгі теледидар бағдарламасының демеушісі аталған

букмекерлік кеңселердің иелері болуы себепті, олар өз жарнамаларын ашықтан-ашық әрі тікелей жариялауға құқылы. Өз кезегінде бұл жарнаманы ел-жұрт, соның ішінде елдің жас қауымы, яғни оқушылар мен жеткіншектер көретіні әрі еститіні анық. Осы жайттарды ескерсек, аталған жарнама құлақтарына кірген кәмелеттік жасқа жетпегендер бұдан соң букмекерлік кеңселердің алдын бермей жүрері анық.

Міне, құмар ойындардың бір түріне ұйықтай тартып, ашық та жасырын бизнестің табанын қыздыра алатын букмекерлік кеңселер қызметінің зияны осындай.



Қорытынды ұсыным:

Заң жобалары аясында банктерге және төлем жүйелеріне ойын бизнесін шетелдік ұйымдастырушылардың заңсыз қызметі кезінде қаржы операцияларын жүргізуге тыйым салуды белгілеу, бұқаралық ақпарат құралдарында букмекерлік кеңселер мен тотализаторлардың жарнамасын шектеу, ақпараттықтелекоммуникациялық желілерді, оның ішінде Интернет желісін, байланыс құралдары мен лотерея терминалдарын пайдалана отырып, лотерея билеттерін таратуға тыйым салуды енгізу, 21 жасқа дейінгі адамдарды құмар ойындарға тарту және бәс тігу үшін заңды тұлғалардың әкімшілік жауапкершілігін белгілеу бойынша және т.б. түзетулер көзделген.

Қазақ танымында құмар ойыны деген ұғым болмаған. Бұл – біріне бизнес болса, біріне құмарлығын қанағаттандыратын іс болып табылатыны белгілі. Бұл дерт қазақ қоғамы ғана емес, адамзаттың індеті десек болады. Отбасының берекесін қашырып, азғындыққа апаратын бұл індеттен әр адам өз құмарлығы мен нәпсісін тыя білгені дұрыс. Құмар ойынға салыну өз өміріңді құрдымға жіберу деген сөз. Сондықтан өз өміріңіз өз қолыңызда екенін біле жүрейік.

Қолданылған дерек көздер:

<https://egemen.kz/article/205907-bukmekerlik-kenhseler-bolashaghymyzdy-buldiredi>

<https://baq.kz/bukmekerlik-kenseler-zhane-ludomaniya-qogam-dertine-aynalgan-masele-qalay-sheshilmek-310466/>

<https://azattyq-ruhy.kz/society/48722-b-s-tigu-ku-marlyk-bukmekerlik-kompaniialardyn-zharnamasyna-nelikten-tyiym-salynbai-keledi>